

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С. 275-277

## 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ: АЛҒЫ ШАРТТАРЫ, БАРЫСЫ, САЛДАРЫ

Самамбетова Т.  
Нұрбай Қ.Ж.

Биыл жаңа экономикалық саясат деген атпен тарихқа әйгілі экономикалық реформаның енгізілуіне 100 жыл толып отыр. Сондықтан бұл тақырып өзекті. Мен осы тақырыпты тандаған себебім біріншіден осы жылы жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне 100 жыл толып отыр. Бұл тақырыптың тәуелсіз Қазақстанмен сабақтастығы бар. 1990 жылдар басында Қазақстан үкіметі нарықтық экономикаға көшті. Бірақта 1920 жылы сол кездегі Қырғыз Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасының үкіметі 1990 жылдарыдағыдай толық нарықтық экономикаға көшуге мүмкіндік болмады себебі Кеңес үкіметі жалпы жекеменшікке қарсы болды ал бізге белгілі нарықтық экономикада ең бастысы жекеменшіктің болуы. XVIII – IX ғасырларда да Жаңа экономикалық саясат енгізілген болатын [1]. Ал Кеңес үкіметі идеологиялық жағынан қарсы болды. Ис- қағаз жүзінде меншік яғни кәсіпорындар, барлық жерлер халыққа тиесілі болу керек деп жариялады. Алайда шын мәнінде барлық кәсіп орындар мемлекет меншігіне өтті. Сондықтан Кеңес үкіметі өзі жариялаған құндылықтарға қарсы шыға алмады, яғни жекеменшік болмасын деген. Бірақта 1919 жылдары азамат соғысы кезінде шаруаларға азық-түлік салғыртын тапсыру міндеттелді осыдан әсіресе қазақтар зиян тиді. 1920 жылдың аяғында Қазақстанда 4,7 миллион адам тұрды. Оның ішінде қазақтар – 50,3; орыстар – 31,1; украиндары-14,4 пайыз. Халықтың басым көпшілігі ауыл шаруашылығында еңбек етті. Ал ауыл шаруашылығы мешеу жете дамымаған еді. Екіншілікте жерді біраз тыңайтып алып қайта жырту жүйесі, мал шаруашылығында көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық басым болатын. Егістің көлемі азамат соғысы жылдарында едәуір кеміп, астықтың жалпы көлемі мен түсімі үш есеге жуық азайды. Егер егістік көлемі 1914 ж. 3,6 млн. десятина болса, 1922ж. 1,6 млн. десятинаға қысқарды. Мал шаруашылығы да ауыр халге ұшырады. 1914 жылдан 1922 жылдың аяғына дейін ірі қара мал саны 2.1 млн-ға , жылқы – 2 млн – ға, қой – ешкі 6,5 млн – дай, түйе – 0.3 млн- ға азайды. Жалпы алғанда осы жылдары барлық мал түрі 10.8 млн. Басқа кеміді [2].

Оның үстіне 1921 жылы еліміздің кейбір аймақтарында ашаршылық басталды, себебі азаматтық соғыстан кейін дағдарыс басталды және құрғақшылық болып астық, мал азығы өспеді. Кейбір деректерге сүйенсек 1921-1922 жылдары 1 млн жуық қазақтар аштықтан қырылды. 1921 жылы жазда Еділ өзені бойының, Қазақстанның халықтары күшті қуаңшылық болуына байланысты аштыққа ұшырады. Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларында егістің көбі күйіп кетті. Малға азық болмай, 80 %-і қырылды. Елде аштық басталды. Ашығушылар республика халқының 1/3 бөлігін қамтыды. 1921 жылғы қарашада 1 млн. 508 мың адам ашыққан болса, 1922 жылы наурызда олардың саны 2 млн. 303200 адамға жетті. Маусым айына қарай Семей және Ақмола губернияларының шаруаларынан азық – түлік салығы бойынша 4 млн. пұттан астам астық және 24,5 мың пұт май жинап алынды. Бұл жинап алынған өнімдер ең алдымен елдің пролетарлық орталықтары – Москваға, Петроградқа, Самараға, Казаньға, Саратовқа жіберілді. Соның нәтижесінде «аман-сау» аудандардың халқы ашыға бастады. Кеңес үкіметі Қазақстанның ашыққан халқына көмектесу шараларын бірсыпыра кешігіп қолданды. Осы жағдайлардан азық – түлік салғыртының орнына азық – түлік салығын енгізудің қажеттілігі айқындала түсті. 1921 жылдың 8 – 16 наурызда өткен партияның X съезі салғырттан азық – түлік салығына көшудің, жаңа экономикалық саясатқа (НЭП – ке) көшудің қажеттігін негіздеп берді.

Жаңа экономикалық саясаттың белгілері:

- Азық – түлік салығының енгізілуі.
- Сауда еркіндігі.
- Жерді және ұсақ кәсіпорындарды жалға беру.
- Ауылшаруашылық және несие, тұтыну кооперациясын дамыту.
- Кәсіпорындарды шаруашылық есепке көшіру.
- Еңбек міндеткерлігін жойып, жалдамалы еңбекті қолдану.

Жаңа экономикалық саясаттың мәні – салғыртты салықпен ауыстыру болды [3].

Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда (2,5 есе) аз болды. Шаруалардан алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің мөлшерін салықпен шектеу ауыл – селолардың қалалармен байланысты нығайтуға жол ашты. Шаруалар басы артық өнімдерін қалаларға апарып сатып, тұрмыс жағдайын түзеуге мүмкіндік алды [4].

Орынборда 1921 жылы маусымда өткен облыстық бірінші құрылтай партия конференциясы жаңа экономикалық саясатқа көшуді мақұлдады. Аштық әсерінен шаруалардың Кеңес үкіметінің экономикалық саясатына қарсы беталды көтерілістерге шығуына келтірді. 1921 жылы 7 қазанда В. И. Лениннің үндеуіне «Сіздерде Арал теңізінде балықтың аулануы жаман емес... Өздеріңіз аулаған балықтың бір бөлігін аштықтан ісінген қарттар мен қарияларға бөліңіздер». Жаңа экономикалық саясат Қазақстандаға әсер етеді, бірақ теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті мәселе. Экономикалық саясат, принциптер, басқару әдістері мәселелері әрқашан өзекті, өмірлік

мәселелер болып табылады, әсіресе социализм мен коммунизмді құратын қоғамда [5].

Қазақстанда жаңа экономикалық саясатқа көшу және оның барысы. Қазақстан азамат соғысы аяқталғаннан кейін, экономикалық және әлеуметтік – саяси жағдай Ресейдің орталық аудандарымен салыстырғанда ауыр болды. Әскери комунизм саясаты сәтсіздікке ұшырады яғни азық-түлік отрядтары шаруалардан тек артылғанын ғана емес қайткен күнде де астықты алуға мәжбүр болды. Сондықтан азық-түлік салғырты мен еңбекті соғыс жағдайына бейімдеу төтенше шараларды іске асыру үшін әкімшіл тәсілдерді жүзеге асырды. Шаруалардың кеңес үкіметіне қарсы шығуына әкелді, жаңа экономикалық саясатқа көшкеннен кейін еңбек міндеткерлігі мен еңбекке жұмылдыру жойылды. Жаңа экономикалық саясат жылдарында өнеркәсіп саласында да оң өзгерістер болды. Жергілікті маңызы бар кәсіпорындар губерниялық кеңестердің қарамағына көшсе, олардың бір бөлігі жалға берілді. Орталық Қазақстан мен Шығыс Қазақстан республикасы түсті металлургиясының басты ауданына айналды. Орал-Ембі, Доссор, Мақат мұнай кәсіпшіліктері жұмыс істей бастады.

1920 жылы пайдалануға берілген Шымкент сантонин зауытының өнімдері үлкен сұранысқа ие болды. 1927 жылдан мыс өндіре бастаған Қарсақбай комбинаты қарқынды жұмыс істеді. Былғары зауыттарының, жүн жуатын және балық кәсіпшіліктерінің жұмысы жандана бастады. Бірақ ірі кәсіпорындар одақтық маңызы бар трестер қатарына жатқызылып орталықтың басқаруына берілді. Одақтық маңызы бар кәсіпорындар қатарына Жезқазған мыс кеніші, Қарағанды және Екібастұз көмір орны, Успенск мыс кеніші, Спасск және Қарсақбай мыс балқыту зауыты, Риддер түсті металл кәсіпорыны, республика бюджетіне өз табыстарының бар болғаны 5 пайызын ғана аударып отырды. Экономикалық саясат өктемдікпен жүргізілді, республика мүддесі мүлдем ескерілмеді. Бұның өзі республикада өндіргіш күштерді орналастыру мен пайдалануда теріс ықпал етті. Қазақстан экономикасының дамуы шикізаттық сипатта жүргізілді.

1921-1922 жылы жер- су реформалары жүргізіліп патша үкіметі тартып алынған жерлер қазақ еңбекшілеріне қайтарылып берілді. 1924 жылы салықтың тек ақшалай түрі енгізілді. Сонымен қатар 1925 жылы 46 мың кедей және әл уақаты кем шаруашылық мемлекеттен қарыз алды. Бейбіт құрылысқа көшудің барысында шаруашылық және саяси қиындықтары мұнда бұрынғы феодалдық дәуірден мұра болып келген экономикалық және мәдени артта қалушылықпен байланысты еді. Жақсы жақтары ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп саласы дағдарыстан шықты. Ауқатты адамдар пайда болды, олар жеке шаруашылықтарын дамытты. Сонымен қатар жағымсыз жақтары да болды. Ең бастысы халыққа еркіндік бергенімен, ауқатты адамдарды қысымға ала бастады. Себебі кеңес үкіметінің басты мақсаты социализм құру болды, яғни байлар болмау керек барлығы тең болу керек деген қағида. Жаңа құрлысқа көше отырып, Кеңестердің жұмысы нығайтылды. Қазақ АКСР орталық атқару комитетінің тұңғыш төрағасы Сейтқали Мендешев, орынбасары Әліби Жангелдин, ішкі істер халық

комисары Ә.Әйтиев. т.б. кеңестер жұмысына елеулі еңбек сіңірді. Жаңа экономикалық қатынастар өнеркәсіпке де жетті. Кәсіпорындар бірнеше: мемлекеттік, жалға берілетін (кооперативтерге, жеке меншіктерге, шетелдік капиталистерге) және таратуға жататын топтарға бөлініп берілді. Қазақстанда кәсіпорындарды мемлекет меншігіне шығару үдерісі де орын алды.

Сауда-саттық саласында да нарықтық қатынастар дамыды. ЖЭС – тің алғашқы жылдарында- ақ саны көп жеке дүкендер, асханалар, наубайханалар, шайханалар ашыла бастады. Тауар ақша қатынастарын қолдайтын ЖЭС- тің тәжірибесі Қазақстанның экономикасын 4-5 жылға жаңғыртып, қалпына келтіруге мүмкіндік туғызды. ЖЭС социализм мен капитализмнің әртүрлі қасиеттерін үйлестіре отырып, әлуметтік – экономикалық қатынастарды қайта құрудың үлгісіне айналды [6].

Қорытындылай келе, егер де осы жаңа экономикалық саясат тоқталмай жалғаса берсе біз, яғни бүгінгі ұрпақ әлде қайда жақсы тұрар едік. Билік басындағы адамдар соның да өздері алым- салық пен ауқатты адамдарға неше түрлі кедергі жасады . Бірақ өкінішке қарай осы жаңа экономикалық саясат кеңес үкіметінің уақытша саясаты болды. Оны дағдарыстан шығу үшін ғана енгізді, ал бірақ 1920 жылдар аяғында оны тоқтатып жекеменшікті жапты. Қайтадан бұрынғы экономиканы жалғастырды, яғни 1928 жылдан бастап бірінші бес жылдық сосын екінші бес жылдыққа көшті.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қайырболат Ж.Нұрбай , Гульмира Ж.Жуман, Средний Жуз в период XVIII- начала XIX веков: политический аспект проблемы // Былые годы, 2019 . №4. С .1479-1489.
2. Мусин Чапай. Қазақстан тарихы. Алматы, 2008.
3. И.А.Куртов. НЭП в Казахстане. Алма-Ата, 1973.
4. М.Б. Мұхамедов , Б.Сырымбетұлы. Қазақстан тарихы. Алматы: «Қарасай» баспасы, 2007.
5. Базарбаева А. Қазақстан тарихы, 2005.
6. Т.М. Әминов. Қазіргі Қазақстан тарихы. Алматы, 2017.